

ДӘСТҮРЛІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН КЕМШІЛІКТЕРІ

МАМАНОВА Мәлдір Тұрсынқызы

Абай атындағы қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
«Филология және көптілді білім беру» институтының 2-курс магистранты
Алматы/Қазақстан
e-mail: moldir_maman@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада зерттеу тақырыбымды тереңірек ұғыну мақсатында дәстүрлі білім беру жүйесінің оң тұстары мен кемшіл тұстары анықталмақ. Оқытудың жаңа жүйесіне көшкен білім саласы оң нәтижелерге жетіп жатқаны сөзсіз. Алайда, дәстүрлі оқытудың теріс тұстарын ғана алға тарта беруге болмайды. Ойшылдардың өз кезеңінде педагогикаға қосқан үлесін алға тарта отырып, дәстүрлі білім беру сапасының да өз кезінде жоғарғы дәрежеде іске асырылғандығын дәлелдегім келеді. Дәстүрлі білім жүйесіне беделділік педагогикасы тән. Дәстүрлі білім берудің «беделі» өзі ішінде күрделі де құрама құрылымға ие, ондағы оқыту мен тәрбиелеу мазмұнының бөлігін ұлт пен ұстаз беделі айшықтайды. Мазмұнның дәлелі де міндетті түрде үлгі, стандарттың болуында. Мұғалімнің ешбір дүние тең келмес орнын кез-келген «дамытушы жүйелер», «интерактивті тақталар», «технологиялар», «модернизациялар» алмастыра алмайтыны сөзсіз. Жаңартылған бағдарламаның да артықшылықтар мен ұтқыр тұстары ұшан теңіз. Дәстүрлі мұғалім білім алушының дамуына басымылық жасайды, оны дұрыс бағытқа бағыттайды (нұсқаулық көрсетеді), түрлі қателіктерден сақтандырады, оқушының «межелі мақсатқа» өз уақытында нық қадамдармен келуіне кепілдік береді және сол үшін тынымсыз еңбек етеді.

Кілт сөздер: дәстүрлі білім беру жүйесі, технология, білім, педагог, сапа.

Кіріспе. «Дәстүрлі оқыту» термині алғаш рет XVII ғасырда Я.А.Коменскийдің дидактикалық принципінде қалыптасқан сыныптық-сабақтық оқытуды ұйымдастыруды қамтиды. Және бұл жүйеге соңғы жылдары ғана біршама өзгертулер енгізіліп, жаңартылған оқу технологиясының тиімділігі айшықтала отырып, білім жүйесіне енгізілді. Әрине, жаңартылған білім беру жүйесінің артықшылықтарының басым екендігі сөзсіз.

Бүгінгі қоғамда орын алып жатқан сан-салалы сапалық өзгерістер, жаңартулар, жаңа дүниелерге бетбұрыстар да оқытушылардың өз істеріне сыни көзбен қарауға итермелеп жатқаны сөзсіз. Өйткені балаларға берілетін білім де, тәрбие де, қоршаған ортаға деген көзқарас та мұғалімнің іс-әрекеті, беретін білімі мен үлгі-өнегесі арқылы қаланады.

Ғылым мен техниканың өркендеп, қоғамның да жаңа өзгерістерге қанат жайған сәтінде жеке тұлғаның дамуы, жүгі ауыр, жауапкершілігі мол түйткілерді шешу – педагог-мамандардың басты міндеті.

«Бала оқытатындар бала оқытуын жақсы білерге керек. Бала оқытуын жақсы білейін деген адам әуелі балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білерге керек, екінші, баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек. Оны білуге баланы туғаннан бастап, өсіп жеткенше тәнімен қатар ақылы қалай кіретінін білерге керек», – деп бала өміріндегі мұғалімнің рөлінің ерекше екенін Ахмет Байтұрсынұлы өз мұраларында анық, айқын көрсетіп кетті (Педагогикалық ғылыми мұра, 2009, 15 б.).

Қазақтың тұңғыш педагогы Ыбырай Алтынсарин «Хрестоматиясында» балалардың жас ерекшелігі мен ішкі мүмкіндіктері ескере отырып: «Мұғалімнің жұмысы – балалар. Егер балалар бірдеңені түсінбейтін болса, онда оқытушы олардың көкейіне қондыра алмағаны үшін өзін-өзі кінәлауға тиіс. Ол балалармен сөйлескенде ашуланбай, жұмсақ сөйлесу, шыамдылық етуі керек, әрбір нәрсені ықыласпен түсінікті етуі керек, мәнерлі сөз, орынсыз терминдерді пайдаланбау керек», - деген еді (Педагогикалық ғылыми мұра, 2009, 15 б.).

Олай болса, дәсүрлі білім беру жүйесінің артықшылғыны айтпас бұрын, өз кезеңінде өткір ойларымен, сүбелі сөздерімен ғылымға үлес қосқан ұлы тұлғалардың ұсынған технологияларына жеке тоқталғанымыз жөн болар.

Зерттеу әдісі.

Ахмет Байтұрсынұлының танымдық-тағылымдық технологиясы. Қазақ оқушыларының бірнеше буыны сауатын «Әліпбимен» ашып, ана тілін «Тіл құрал» арқылы оқып үйренді. А.Байтұрсынұлының еңбектерін таладап қарасак, онда танымдық, тағылымдық, тәрбиелік мәні бар дүниелердің әркез қоланыста болатынына көз жеткіземіз. Автордың әдістеме саласындағы еңбеутерін қарастыра келе, оның бізге ұсынған әдіс-тәсілдерінің қазіргі кездегі жаңартылған білім беру жүйесімен сабақтасып жатқанын байқауға болады. Ғалым бастауыш мектептерден бастап, оқушыларға тілді ғана үйрету жеткіліксіз, тілді таныту керек деп есептейді. Тіпті өз еңбегінің жазудағы мақсатын да басқаша зейінмен баяндайды: «Бұл әліп-би кітабы жаңа әдіске көшу жүзіндегі көңіл тілегі мен қол қысқалығын бір-біріне жанастырып жақындату шарасын табу түрде шығарлып тұр. Үйрету жағынан «дыбыс әдісі» мен «тұтас оқуы» әдісінің екеуіне бірдей жарарлығы көзделді. Мазмұн ағынан қазақ жағдайына жанастырылып, жаңа програмша болуы көзделді» (Педагогикалық ғылыми мұра, 2009, 24 б.). «Дыбысты әдіспен үйрету жолы – мысалмен түсіндіріп суреттегенде, осы болып шығады» (Педагогикалық ғылыми мұра, 2009, 24 б.).

А.Байтұрсынұлының «тұтас оқу» әдісі деп көрсеткен әдісі бүгінгі таңдағы жаңа материалды түсіндіру, бекіту, қайталау, білім, ептілік, дағдыларды тексеру тәрізді бөліктерден тұратыны, оны әр мұғалім өз тәжірибелерінде қолданып жүргені белгілі.

А.Байтұрсынұлы: «әліп-би үйретудің өзінде толып жатқан әдіс бар. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай. Мәселен, сауаттау әдісін алсақ, бір жұрттың сауаттау ісіне қолайлы болған әді екінші жұрттың да сауаттану ісіне қолайлы боларға тиіс деп айтуға болмайды», - дейді. Бүгінде қолданылып жүрген зат есім, сын есім, сан есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, баяндауыш, бастауыш, құрмалас сөйлем, жай сөйлем секілді лингвистикалық атулардың авторы – Ахмет Байтұрсынұлының «танымдық-тағылымдық» технологияның ерекшелігі – тұлғаның танымдық қабілеттерін, қабылдау қабілеттерін дамытуға, сондай-ақ тұлғаның қауіпсіздігі, танымдық және шығармашылық білімін арттыруға, сөздік қорын дамытуға бағытталады. Ғалымның пікірінше, білімді мұғалім деген атқа неше түрді әдістерді меңгере отырып, өз тәжірибесінде сол әдістерді қолданып, сабақ ерекшелігіне қарай өз тарапынан ұтымды тәсілді ұшқыр пайдаланған сәтте ғана жете алады.

Мағжан Жұмабаевтың жеке тұлғаны қалыптастыру технологиясы. Жеке тұлғаны қалыптастыру үшін әр балаға жеке тұлға ертіңде қарап, оның өіне тән санасы, еркі, өзіндік әрекет жасай алатынын ескеріп, баланың ақыл-ой қабілетін, жеке қасиеттерін дамыту қажет. М.Жұмабаевтың ойынша, ұстаздың шеберлігі өзі білген білімнің бәрін балаға тез білдіруде емес, еппен түсіндіруінде, жеңілден ауырға қарай тап-тапқа бөліп, түсіндіруінде.

Жүсіпбек Аймауытовтың пәнаралық байланыс арқылы ынталандыра оқыту технологиясы. Қазіргі кезде білім беру саласында , әдістемеде ұжымдық оқыту, саралап оқыту, жекелей оқыту, топтық оқыту, интерактивті әдіс арқылы оқыту, жеделдете оқыту, компьютерлік оқыту, проблемалық оқыту, қатысымдық оқыту, жобалап оқыту т.б. технология кеңінен қолданылғанымен, осы аталған технологиялардың барлығы да бұрыннан төл тілімізде дамып келе жатқан төл технологиялар. Жаңартылған білім беру технологияларының жүзеге асуы «Тәрбиеге көмекші», «Тәрбие жетекшісі, «Психология», «Комплексті оқыту жолдары» секілді еңбектері арқылы анықталағанына көз жеткіземіз.

Ж.Аймауытов «Психология» еңбегінде мұғалімнің кәсіби дайындығы тұрасында: «Айтпай-ақ белігілі, баланың мінез-қылығын байқаушы – оқытушылар балаларынан бақылаған, тапқан-таянғанын соларды амалға тәрбиелеу үшін құрал ету керектігі; амалға неше түрлі мақсатқатқолайлы болған серпілудің бәрі кіреді» (Досманова, 2007, 57 б.).

Талқылау. Дәстүрлі білім беру жүйесінде сабақ барысында мұғалім білім беріп, жаңа материалды бекіту негізінде қайталау арқылы оқушылардың икемділігі мен дағдыларын қалыптастырып, дамытады. Дәстүрлі жүйе репродуктивті сипат алып, мұғалім оқу процесінің ынталы және белсенді әрекет ететін субъекті болып саналады.

Білім мазмұны – мақсатқа жетудің құралы ғана. Мақсатқа жетудің алғашқы баспалдағында білім мазмұнының жалаң берілмей оқушылар өздігінен әрекет ете

алатындай оқу-тәжірибелік жағдаяттарға бағадар ұстануын алуға болады (Рауандина, 2010, 57 б.).

Дәстүрлі сыныптық-сабақтық технологиясының басты нысандары:

– Сыныпты бір жастағы және бір деңгейдегі оқушылар құрайды және ол мектепте оқудың барлық кезеңінде сол құрамды сақтайды,

– Сынып кестеге сәкес біртұтас жылдық жоспар мен бағдарлама арқасында жұмыс жасайды. Осыған орай оқушылар мектепке алдын-ала белгіленген уақытта келеді,

– Оқытудың негізгі бірлігі болып саналатын сабақ бір тақырыпқа, бір пәнге арналады,

– Мұғалім оқушылардың жұмысын бақылап, басшылық жасайды. Ол пәне бойынша сабақ нәтижесін, әрбір оқушының білім деңгейін бақылай отырып, қорытынды шығарады,

– Оқу кітаптары да негізі үй жұмыстарына да арналады (Үмбетова, 2011, 63 б.).

Дәстүрлі білім беру жүйесі негізінен ептілік және дағдыларды ұсынуға бағытталған. Яғни, өтіліп жаңа тақырыптың игерілуін, білім деңгейінің сапасын қамтамасыз етеді. *Жаңаны түсіндіру – игерту – қадағалау – бағалау* сұлбасы бойынша технология негізіне табысты өмір тіршілігін қамтамасыз ететіндей білім ауқымын анықтауға мүмкіндік жасайтын және оқушыға жеткізу жолын көрсетеді.

Дәстүрлі түрде өтетін сабақ – бүкіл класспен өтетін сабақ барысында мұғалім білім беріп, жаңа материалды бекіту негізінде қайталау арқылы оқушылардың икемділігі мен дағдыларын қалыптастырады (Мусаева, 2010, 46 б.).

Мұғалімнің басты қызметі:

- Жүйелі түсіндіру;
- әрекеттерді көрсету, қорыту;
- оқушылардың жұмысын бағалау;
- тапсырманы реттеу және түзету.

Оқу технологиясы бірқатар маңызды да да ұтымды тұстарымен еленеді,

олар:

- үнемді болғандығы;
- күрделі түсінуді жеңілдетуі;
- білім-тәрбие процесін тиімді басқаруды қамтуы;
- жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалануға икемді келуі.

Сонымен бірге дәстүрлі технологияның да өз кемшіліктері жетерлік – оқу процесін дараландыру мен жіктеуге мүлдем ыңғайсыз, білім алушылардың ойлау қабілетін дамытуда кемшіліктер аз емес.

1-кесте. Дәстүрлі оқытудың артықшылықтары мен кемшіл тұстары:

Оң жақтары	Теріс жақтары
-------------------	----------------------

Оқытудың жүйелілігі	Үлгі бойынша бірыңғайлық Мазмұнның монотонды болуы
Оқу материалының реттілігі, логикалық тұрғыда дұрыстығы	Сабақ уақытының ретсіздігі Білім алушылары мақсат қою, жоспарлау, бағалау мүмкіншілігінен айыру Сабақта тек үстіртін ақпараттар беріліп, ал жақсы нәтиже көрсету үй тапсырмаларына ысырылады
Ұйымдастырудың анық-айқын болуы	Оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауға мүмкіндіктері шектеулі Оқушылар өз таңдауын жасай алмайды
Мұғалім тұлғасының тұрақты эмоционалды ықпалы	Оқушылардың белсенділіктерінің төмендігі немесе белсенділіктің жоқтығы Сөздің қордың аздылығы Кері байланыстың жоқтығы.
Жаппай оқыту кезіндегі оңтайлылық	Жекелендірілген оқытудың жоқтығы Дәстүрлі оқытуда баланың жеке қабілеттері ескерілмейді

Оқу жылы, оқу күні, оқу кестесі, демалыстар, үзілістер – сыныптық-сабақтың жүйенің басты шарттары.

Дәстүрлі оқытудың біліктілік параметрлері:

Пайдалану дейңгейі бойынша: жалпы педагогикалық философиялық негіздері бойынша: мәжбүрлеу педагогикасы деп атауға болады;

Даму сатысы бойынша: социогендік;

Жеке тұлғалық бағдар бойынша: ақпараттық;

Мазмұндық сиаты бойынша: жалпыға бірдей білім беру, технократиялық, дидактоцентрикалық;

Әдістемелік түрі: түсіндіру мен көрнекілік.

Дәстүрлі білім берудің басты мақсаты – білім беру жүйесінің дамуы, ғылыми көзқарастардың қалыптасып, әрбір білім алушының жан-жақты дамуы және идеялық өсуі қоғамға игі, сапалы және білімді ұрпақ тәрбиелеу.

Педагогика ғылымының оқыту теориясы оқыту формалары мен әдістері бойынша білім алушыларға дәстүрлі білім, білік, дағдыларын тиімді және ұтымды меңгерудің психологиялық, педагогикалық заңдылықтарымен байланысқан ашуға, негіздеуге және өміршендігін дәлелдеуге негізделген (Саипов және т.б., 2019, 32 б.).

Дәстүрлі технология баланың ішкі сұраныстары мен талаптарына негізделмеген және баланың жеке қабілеттері мен мүмкіндіктері ескерілмегенін былай түсіндіреміз:

– Білім беру қызметінде мәжбүрлеп оқыту әдісі пайланылады. Бұл кезеңде мұғалім төреші болып саналады;

- Дайын білімді хабарлау да оқушының мүсіншіліктерін аша алмайды;
- Әдеттегі үйреншікті үлгілермен оқыту да алға жылжуға кері әсер етеді;
- Әрбір оқушының жеке ойымен санаспау;
- Кітаптағы материалдың шеңберіне ас алмау.

Бағалау жүйесі және оқушылардың оқу жетістіктерін тіркеу білім беру процесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Бағалау жүйесі оқытудың диагностикалаудың, оқушы және мұғалім мен ата-ана арасындағы кері байланыс жасаудың негізгі құралы (Әділбекова және Саданова, 2018, 38 б.).

Білім беру барысында білім мақсаттарын өзі қоятындықтан, мақсаттар сырттай ықпал етуге негізделеді. Дәстүрлі технологияда материал лекциялық әдіспен түсіндірілетін еді. Одан соң семинар тәжірибелік сабақтарда оқушылардың білімі тексеріліп, қорытынды нәтиже сынақ түрінде алынатын. Барлық ақпараттарды қорытындылай келе, Мұқатаевның дәстүрлі білім беру жүйесіне негіздеп жасаған сабақ жоспарын негізге алуымызға әбден болады (Мұқатаева, 2006, 98 б.).

Оқушылардың білімін қорытындылау тек тоқсан соңында ғана іске асырылатын. Жалпы білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыруға, оны дамытуға және бағытталған біліммен қамтамасыз ету болып саналады. Тұлғаның сапалы және жан-жақты білім алуына жағдай жасау, білім берудің басты мақсаты деп түйіндеуге болады. Нысандар мен үрдістердің тиімділігі, құндылығы, нақ нормаларды қанағаттандыруы, жарамдылығы немесе бейімділігі, яғни талаптарға, ұсыныстарға және нормаға сәйкес немесе дәл болуы тікелей білім жүйесінің сапасына байланысты. «Сапа» ұғымы қалай дүниеге келді, қандай ерекшеліктерге ие деген сауалдар туындайды. Сапа – әртүрлі саланы қамтитын, берілген стандарттарға сәйкес ғылым нәтижесі. Білім беру саласындағы сапа – білім беру саласының «өнімі», яғни оқушының білімі, білігі және дағдыларының қалыптасу сатысы болып саналады.

Дәстүрлі оқыту жүйесінде көбінесе оқушының дүниетанымдық ойлау қабілеті көзден таса қалып, сол жекелеген білім нысандарын меңгерту көзделеді (Жұмабаева, 2006, 25 б.).

Нәтижесі. Қазіргі кездегі білім беру саласындағы анықтамалардың көпшілігі, нәтижені білім сапасының бір ғана көрсеткіші ретінде қарастырады, бірақ бұл сапаға тән ерекшеліктер, оның құрамдас бөліктерінің заңды байланысы ретінде түсініспеушілік туғызады. Білім сапасы мазмұнын нәтижеге бағамдап шектеу салу, сонымен қатар сандық көрсеткіштермен ғана бағамдау қазіргі

педагогикада кең таралып отыр, яғни, білім нәтижесі мен кемшіліктерін анықтаудың нақты көрсеткіштері мен өлшемдері айқындалмаған.

Білім сапасы дегеніміз білім берудің нақты бір сатысындағы бағамдалған мақсаттарға сәйкес білім алушылардың білім, білік және дағдылар деңгейі. Білім сапасы, ең алдымен білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкестігімен анықталатыны айқын. Қазіргі педагогикадағы «білім сапасының» мәні білім беру сапасын басқарудың алғышарттық қағидаттарында былайша анықталады:

Тиімділігі – мектеп тәмамдаушылардың білім деңгейімен анықталады. Олардың білім дәрежесі мен дайындық мазмұнының мемлекеттің, қоғамның, ата-аналардың талаптарына мен сұраныстарына сай, сонымен қатар мектептің барлық көрсеткіштерінің берілген жүйеге лайықты болуы.

Сенімділігі – оқыту сатыларында білім берудің сабақтастық және тұрақтылық принципін іске асыру арқылы анықталады.

Оңтайлылығы – білім беруге кеткен уақыт, күш және ресурстардың құрамымен өлшенеді.

Тұрақтылығы – педагог мамандардың тұрақтылығын, артықшылығын және өзара қарым-қатынастарын қарастырады.

Әділдігі (объективтілік) – зерттеуге алынған нысанның, процестің жағдайы туралы педагогикалық бақылаудың нақты ақпаратын бере алу бірден көрінеді.

Саралау – оқушыға тапсырманы, оқу іс-әрекетін, тапсырманы орындау түрлерін таңдауда еркіндік беруді көздейді.

Білім беру кезеңінің сапасы:

- білім беру мазмұнының сапасы;
- білім беру сапасы.

Нәтижелер сапасы:

- оқушылардың денсаулығы жағдайының тұрақтылығы мен оң әсері;
- оқушының оқудан алған білімділігі;
- оқушының әдептілігі мен адамгершілігі.

Мектептің білім беру үдерісінің сапасын бағалау өлшемдері:

- 1) басқару сапалылығы;
- 2) жан-жақты қамтамасыз ету;
- 3) оқу бағдарламалары мен оқу жоспарының сапалылығы;
- 4) оқушылардың жеке жетістіктері;
- 5) педагогикалық ұжымның бірлігі ынтымақтастығы;
- 6) білім ошағы мәдениеті және психологиялық ахуал.

Сонымен, оқу бағдарламалары мен сабақ жоспарлары мазмұнының сабақтастығы білім алушылардың жас ерекшелігіне және ата-аналардың, қоғамның, мемлекеттің талаптарына сәйкестігі, мектептің оқу-әдістемелік қызметінің, қажетті құралдармен толық қамтамасыз етілуі білім сапасының жоғары болуына әсер етеді.

Оқытудың дәстүрлі өнімсіз стилін ығыстыру және оқушылардың танымдық белсенділігі мен өзіндік ойлауын қамтамасыз ететін жаңа дамытушы, сындарлы

білім беру моделіне көші әлемдік білім берудің стратегиялық бағыттарының бірі болып саналады (Мукашева және т.б. 2018, 26 б.).

Қорытынды. Қорыта айтқанда, дәсүрлі және жаңартылған білім берудің оқыту әдістері арасындағы байланыстар мен сабақтастығы байқалады. Жаңартылған білім беруде дәстүрлі оқыту әдістерінің орнықтылығын сақталып, олардың тәсілдері мен әрекеттері де жаңа мазмұнға дәнекер. Дәстүрлі оқыту үдерісінде оқытушы субъекі болып саналса, білім алушы нысан ретінде қызмет атқарады. Дәстүрлі білім беру жүйесінде оқытушы оқыту үдерісінің нысаны ғана болғандықтан, ойлау үдерісі де болмайды деген шешім туындайды. Және бұл жүйе оқышының білім мазмұнын игеруі есте сақтауға, фактілерді жинақтауға, жаттауға негізделеді деп тұжырымдаймыз. Алайда, бұл дәстүрлі білім беру жүйесінің сапасыз екендігінің көрсеткіші емес. Біз дәстүрлі білім беру әдісін жетілдіру, жаңаша зерттеу арқылы ғана жаңа технологияның негізін пайдаланып отырмыз деп ойлаймын. Оқышыларға берілетін ілім-білім де, тәлім-тәрбие де, жеке дүниетанымы да тікелей мұғалімнің іс-әрекеті, үлгі-өнегесі, біліктілігінің арқасында қадыптасады. Сол себепті, қай заманда болмасын ұстаздың қоғамдағы орны ерекше болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Әділбекова Ж., Саданова Ж.К. (2018). Бағалау түрлері және оқышылардың оқу нәтижелерін бағалауды жоспарлау. – Өскемен: Қазақстан-Американдық еркін университеті. 35-52 б.

Досманова Ә. (2007). Оқышының зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін дамытудың жолы / Қазақ тілі мен әдебиеті. - 116-120б.

Дәстүрлі әдіс және жаңа технология: Педагогикалық ғылыми мұра. ҚР білім және ғылым министрлігі.(2009). – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ. – 120 б.

Жұмабаева З. (2006). Орыс тілді мектептерде қазақ әдебиетін мемлекеттік тілде оқытудың дидактикалық негіздері. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті. – 25 б.

Мұқатаева М. (2006). Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде: Тәуелсіз Қазақстан. №10, - 98-104 б.

Мукашева К.М., Саданова Ж.К., Тұмарова А.Е. (2018).Бағалауды ұйымдастырудың педагогикалық негіздері. – Өскемен: Қазақстан-Американдық еркін университеті. 26-29 б.

Мусаева Н. (2010). Білім беру үрдісіндегі инновациялар мен дәстүрлер арақатынасы. №4, - 363-366б.

Рауандина А.Қ., (2010). Қазақ тілін оқытуда оқышылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі (орыс тілді мектептердің 5-6 сыныптар). – Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясы. 57 б.

Саипов А, Қонақбаева Ұ.Ж., Қуандықов О.Б. (2019). Дәстүрлі және жаңартылған білім берудің оқыту әдістерінің сабақтастығы. Қазақ білім Академияларының баяндамалары. №4, 31-39 б.

Үмбетова Ж. (2011). Дәстүрлі технологияның ерекшеліктері. - Ұлағат. №1, 63-65 б.

References:

Adilbekov Zh., Sadanova Zh. (2018). Bagalau turleri zhane okushylardin oku natizhelerin bagalaudy zhosparlau [Types of assessment and planning for assessing student learning outcomes]. Oskemen: Kazakhstan-Amerikandyk erkin universiteti, 35-52 pp.

Dosmanova A. (2007). Okushylardin ziyatkerlik, shygarmashylyk kabiletterin damytudyn zholy [Ways to develop students' intellectual and creative abilities] / Kazak tili men adebyeti. – 116-120 pp.

Dasturli adis zhane zhana tehnologiya: Pedagogikalyk gylymi mura [Traditional methods and new technologies: Pedagogical scientific heritage]. KR bilim zhane gylym ministrliги. (2009). – Almaty: Abay atyndagy KazUPU. – 120 p.

Zhumabayeva Z. (2006). Orys tilde mektepterde kazak adebyetin memlekettik tilde okytudyn didaktikalyk negizderi [Didactic bases of teaching Kazakh literature in the state language in Russian-language schools]. Pavlodar: S.Toraygirov memlekettik universiteti. – 25 p.

Mukatayeva M. (2006). Kazak tili men adebyeti otys mektebinde [Kazakh language and literature in the Russian school]/ Tauelsiz Kazakhstan, №10. – 98-104 p.

Mukasheva K.M., Sadanova Zh.K., Tumarova A.E. (2018). Bagalaudy uyumdastyrudyn pedagogikalyk negizderi [Pedagogical bases of the organization of an assessment]. Oskemen: Kazakhstan-Amerikandyk erkin universiteti, 26-29 p.

Musayeva N. (2010). Bilim beru uderisindegi innovatsiyalar men dasturler arakatynasy [The relationship of innovation and tradition in the educational process]. №4. – 363-366 p.

Rauandina A.K. (2010). Kazak tilin okytuda okushylardyn funktsionaldyk sauattiligin kalyptastyru adistemesi (orys tilde mektepterдин 5-6 synptari). [Methods of formation of functional literacy of students in teaching the Kazakh language (grades 5-6 of Russian-language schools)]. Almaty: Y.Altynsarin atyndagy Ultyk bilim beru akademyasy. 57 p.

Saypov A., Konkabayeva U., Kuandykov O. (2019). Dasturli zhane zhanartylgan bilim berudin okytu adisterinin sabaktastygy [Continuity of teaching methods of traditional and modern education]. Kazak bilim Akademylarynyn bayandamalary. №4, 31-39 pp.

Umbetova Zh. (2011). Dasturli tehnologyanyn erekshelikteri [Features of traditional technology]. Ulagat, №1. 63-65 pp.

Advantages and disadvantages of the traditional education system

MAMANOVA Moldir Tursynkyzy

2nd year master's student of Abai Kazakh National Pedagogical University
Department of "Philology and multilingual education"
Almaty/Kazakhstan

Abstract. *The article will analyze the strengths and weaknesses of the traditional education system in order to better understand and reveal the research topic. Undoubtedly, the transition to a new system of education is yielding positive results. However, the disadvantages of traditional teaching cannot be overemphasized. Citing the contribution of scholars to pedagogy in their time, we would like to prove that the quality of traditional education has been implemented at its highest level. The traditional education system is characterized by the pedagogy of reputation. The authority of traditional education has a complex and sophisticated structure, in which the content of teaching and education is determined by the reputation of the nation and the teacher. The point of its content is in the presence of a model and standards. Surely, none of "developmental systems", "interactive whiteboards", "technologies", "upgrades" can replace the unique role of the teachers. However the advantages and mobility of the updated program are endless. A traditional teacher guides students, directs them into the right path, prevents various mistakes, ensures that students achieve their goals in a timely manner and work tirelessly for it.*

Keywords: *traditional education system, technology, education, teacher, quality.*

Преимущества и недостатки традиционной системы образования

МАМАНОВА Молдир Турсынкызы

Магистрант 2 курса Казахского национального педагогического университета
имени Абая, кафедра "Филология и полиязычное образование"
Алматы/Казахстан

Аннотация. *В целях более подробного разбора и понятия моей исследовательской темы, в данной статье мы определим плюсы и минусы традиционной системы образования. Сфера образования прошедшая на новый уровень обучения, безусловно, достигает наилучших результатов. Однако, нельзя говорить только про отрицательные стороны традиционного обучения. Опираясь на педагогические работы мыслителей, хотелось бы доказать и показать что и до нас традиционная система образования проводилось на высшем уровне. Традиционная система образования характеризуется педагогией престижа. «Авторитет» традиционной системы образования подлежит внутренне сложной структуре, именно обучение и воспитание отражает авторитет педагога. Система образования строится на стандартах и образцах. Роль учителя не смогут заменить никакие развивающие системы, интерактивные доски, технологии, модернизации. Преимущества обновленной программы велики. Традиционный педагог управляет над обучающимися, направляет в правильное русло, гарантирует достижение цели учащихся в назначенное время и тщательно работает над этим.*

Ключевые слова: *традиционная система образования, технология, образование, педагог, качество.*